

Шығыс Қазақстан облысы
денсаулық сақтау басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық
мамандандырылған медициналық орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Восточно-Казахстанский областной
специализированный медицинский центр»
управления здравоохранения Восточно-
Казахстанской области

ХАТТАМА

Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 18

«21» мамыр 2026ж., 14 сағат 20мин

№ ХАТТАМА

Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы» ШЖҚ КМК

23. 04.2026 жылғы № 98 -ө бұйрығының негізінде құрылған жұмыс комиссиясы құрамында: Комиссия төрағасы – Г. Т. Қабдекенова-бас дәрігердің медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары

Комиссия мүшелері:

Г. С. Касебаева-ішкі сараптама және клиникалық аудит қызметінің бастығы

К. Т. Нургалиева - бас бухгалтердің орынбасары

Дюсупова Г. Г. – персоналды басқару қызметінің бастығы

Логинова А. А. - заңгер

Комиссия мүшелері мен 14 адамнан тұратын әкімшілік қатысты

Өтетін орны: Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы» ШЖҚ КМК, Өскемен қаласы, Абай даңғылы 18, бас дәрігердің кабинеті.

Күн тәртібі:

1. 26.09.2025 ж. бастап 01.06.2026 жыл аралығындағы кезеңде ШҚО ДСБ «Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы» ШЖҚ КМК медициналық ұйымының қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау анықтамасының нәтижелерін талқылау.

Комиссия төрағасы Г. Т. Қабдекенова жұмыс комиссиясымен қамтылғанын түсіндірді

СЖТІТ өткізу мерзімі: 30.04.2026 ж. бастап 01.06.2025 ж. дейін

Тексеру кезеңі: 26.09.2025 ж. бастап 01.05.2026 ж. дейін

ШҚО ДСБ «Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі мәтін бойынша-«ШҚО ММО»ШЖҚ КМК) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама жасалды, онымен Сіздер таныстыңыздар. Анықтамада тексеру бөлімдері қамтылған және тәуекелдер анықталған, тәуекелдер пайда болуы мүмкін сәттер бар. Бөлімдер бойынша қарастырайық:

СЖТІТ жүргізу барысында келесі 3 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

№1 тәуекел

Бағыты бойынша – құқықтық олқылық, индикатор бойынша:

- жекелеген құқықтық актілер арасындағы сәйкессіздіктер немесе қайшылықтар.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы» бұйрықтың 2-қосымшасындағы 5-бөлімнің 25-тармағын (11) тармақшадан кейін Заңдағыдай мәтінмен толықтыру қажет, себебі бұл

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабының талаптарына қайшы келеді, аталған бапта Бақылау кеңесінің өкілеттіктері толық көрсетілген.

Ұсынымдар: Анықталған қайшылықтарға байланысты аталған мәселені алқалы форматта қарастырып, оны жоюға бағытталған шараларды әзірлеу жөнінде ұсыныспен «ШҚО денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не хат жолдау.

№2 тәуекел

Құқықтық актілер нормаларының қайшылықтары бағыты бойынша, индикатор негізінде:

- жекелеген құқықтық актілер арасындағы сәйкессіздіктер немесе қайшылықтар Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» № ҚР-ДСМ-27 бұйрығының 5-қосымшасының 1-тармағында талдаулардың (жалпы зәр талдауы, жалпы қан талдауы, биохимиялық қан талдауы), ЭКГ, флюорография немесе кеуде қуысы ағзаларының рентгенографиясының жарамдылық мерзімдеріне қатысты қайшылықтар анықталды: талдаулардың жарамдылық мерзімі: ЭКГ – 14 күнге дейін, ФГ – 12 айға дейін.

Бұл «Қазақстан Республикасында анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 78 бұйрығының 5-қосымшасында көрсетілген талаптарға қайшы келеді, онда талдаулардың жарамдылық мерзімі: ЭКГ – 10 күнге дейін, ФГ – 6 айға дейін деп белгіленген (бұйрықтың соңындағы мәтін).

Ұсынымдар: Анықталған қайшылықтарға байланысты аталған мәселені алқалы форматта қарастырып, оны жоюға бағытталған шараларды әзірлеу жөнінде ұсыныспен «ШҚО денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не хат жолдау.

№3 тәуекел

Бағыт бойынша-құқықтық актілер ережелерінің қайшылықтары, индикатор бойынша: - жекелеген құқықтық актілер арасындағы алшақтықтар (сәйкессіздіктер) немесе қайшылықтар. Кәсіпорын Жарғысының 1-тарауының 4-тармағы «Жалпы ережелер» бөлімінде мынадай жаңа редакцияда жазылуы қажет: «Кәсіпорын мүлкіне қатысты коммуналдық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі Уәкілетті орган) жүзеге асырады», себебі аталған органға қайта ұйымдастыру жүргізілді.

Жарғының 5-тарауының 22-тармағында «Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды басқару ерекшеліктері» бөлімінде Бақылау кеңесінің өкілеттіктері «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабына сәйкес толық көлемде көрсетілмеген.

Қабылданған шаралар:

«Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-нің 03.12.2025 ж. Аудиторлық есеп қорытындысы бойынша облыстық коммуналдық мүлікті басқару функцияларын өзектендіру және өзгертуге қатысты анықталған мәселелерге байланысты, «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға сәйкес бақылау кеңесі мүшелерінің міндеттерін сәйкестендіру қажеттігі көрсетілді.

Қайшылықтарды жою мақсатында медициналық ұйым тарапынан сәйкессіздіктер жойылып, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы ретке келтірілді. Қосымша келісім мына бұйрықтармен бекітілді: ШҚО ДСБ ММ-нің 19.03.2026 ж. № 236 -ө бұйрығы, ШҚО Мемлекеттік сатып алу басқармасының 04.03.2026 ж. №712 бұйрығы, 03.04.2026 ж. Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалының Өскемен қаласы бойынша жер кадастры және тіркеу бөлімінде шығ. №03-16-18-18/4543 хатымен тіркелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері келесі бағыттар бойынша анықталған жоқ:

II. Ұйымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Ұйымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету

5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Ұйым Жарғыға сәйкес рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Ұйым Жарғыға сәйкес бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

7. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

10. Мемлекеттік сатып алу бөлімінің жұмысын талдау

11. Жеке және заңды тұлғалардың «Е-Өтініш» бірыңғай платформасы арқылы келіп түскен өтініштері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

СЖТІТ нәтижелері бойынша комиссия 3 сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтады, мемлекеттік сатып алуларды тұрақты бақылауды қамтамасыз ету және бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ жұмыстың сапасын арттыру мақсатында ұсынымдар берілді.

СЖТІТ талдауын жүргізу барысында ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі қалыптастырылды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін болдырмау мақсатында ықтимал тәуекелдерге ерекше назар аудару және олардың орын алуына жол бермеу, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша шараларды қамтамасыз ету қажет.

19.05. 2026 ж. жағдай бойынша «ШҚО ММО» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі қалыптастырылды. Аталған тізбе нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуіне қарай тұрақты түрде жаңартылып отырады және бөлімшелердің жұмысы үшін желілік папкада орналастырылады.

Комиссия анықтамасы бекітілгеннен кейін, ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлеу қажет.

Комиссия төрағасы Кабдкенова Г.Т. – сұрақтар, толықтырулар бар ма?

Дюсупова Г.Г. – СЖТІТ жүргізу барысында анықтама бойынша қорытындылар талқыланды, сұрақтар жоқ. Сонымен қатар СЖТІТ нәтижелері бойынша 2026 жылғы 19–21 мамыр аралығында ашық талқылау өткізілді, медициналық ұйымның ресми сайтында жария талқылау туралы хабарландыру орналастырылды. Заңды және жеке тұлғалар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер түскен жоқ.

Заңгер Логинова А. – Бақылау кеңесі анықтамамен танысканнан кейін, анықтаманы аурухананың ресми сайтында жариялау қажет.

Жұмыс комиссиясы мүшелерінен сұрақтар түскен жоқ.

Барлығы бірауыздан анықтаманың мәтінін қабылдауға келіседі, толықтырулар мен қарсылықтар түскен жоқ.

ШЕШІМ:

1. Анықтама мәтінін дайындалған редакцияда қабылдау, оны бекіту үшін ұйым басшысына ұсыну және Бақылау кеңесін таныстыру.

2. Анықтама басшы тарапынан бекітілгеннен кейін оны аурухананың ресми сайтында жариялау.

Комиссия:

- ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
 - Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесін бекіту және ұйымның ресми сайтында жариялау;
 - Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты ұйымның ресми сайтында жариялау.
- 4.Комплаенс-офицерге СЖТІТ өткізуге қатысты барлық құжаттарды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жолдау қажет.
Отырыс сағат 15:00-де жабылды.

Комиссия қолдары:

Комиссия төрағасы – Қабдекенова Г.Т., бас дәрігердің МҚСБ жөніндегі орынбасары

Комиссия мүшелері:

Касебаева Г.С. – ІСЖКА қызметінің бастығы

Нургалиева К.Т. – бас бухгалтердің орынбасары

Дюсупова Г.Г. – персоналды басқару қызметінің басшысы

Логинова А.А. – заңгер

